

ҚАНЫШТЫҢ ҚЫЗДАРЫ

Биыл ұлтымыздың ұлы перзенті, ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына – 120 жыл. Осыдан жиырма жыл бұрын еліміздің басқа өңірлері сияқты Арқа төсіндегі Жезқазған жұртылығына да дана да дара академиктің жүз жылдығын есте қаларлықтай атап өткен еді.

Жезқазғанның орны – Қаныш үшін ерекше. Бұл шаһар оның төл перзенттерін бір де кем емес. Айрықша ыстық. Өйткені кенді аймақты өмірге келіп, түлеп, өркендеуіне Сәтбаевтың сіңірген еңбегі ересең.

Сол жүз жылдық мерейтой кезінде «Қазақмыстың» басшылығы өздері құрылтайшы болып отырған екі басылымның басшыларын, корпорацияның тағы бір-екі қызметкері бар Қаныштың ізі сайрап жатқан Алматы қаласына жіберіп, ғалымның өміріне қатысты мұралармен жан-жақты танысуға мүмкіндік жасаған еді. Бұл уақытта Қанекеннің үш қызы да бар болатын.

Сапар барысында олармен де жолығып, асқар тау әкелері жөнінде сыр-сұхбат бөлісудің реті келген. Төменде сол жүздесу жайында баяндалады.

Нүрперзент ДОМБАЙ
«Ана тілі»

«ЖЕЗҚАЗҒАНДЫ, ҚАРСАҚБАЙДЫ СҮЙЕМІН»

Қаныш ағамыз бес баланың әкесі атанған. Ең өкініштігі, ұлы Малеш он төрт жасында, енді бір перзенті Мариян жасырма бір жасында ауырлық дүние салады. Қалған үш қыз – Ханиса, Шәмшиябану, Мейіз туған халқының ардақтылары атанды.

Алматыға сапар барысында осы үш кісімен де жолығып, әңгімелесудің сәті түсті. Алдымен ұшырасқаны Мейіз Қанышқызы болды.

Мейіз 1931 жылы Қарсақбайда дүниеге келген. Әке мамандығын жалғастырған жалғыз қызы – осы Мейіз. Ол Қазақ кен-металлургия институтын бітіреді. Содан геолог қызметін атқарады. Бұл саладағы еңбегі де жеміссіз емес. Бірнеше

ғылыми еңбектері бар. Геология-минерология ғылымының докторы.

— Геолог мамандығын таңдауға не себеп болды? — деген сауалға.

— Әкем ғана емес, шешем де геолог болған ғой. Тіпті тілім шыққан сәби күннің өзінде басқа емес, тастардың атын айтатын көрінемін, — деді қымып.

— Атасының ізін оның немересі, менің ұлым Александр жалғастырды. Реті келген сондайта кетейін. Алғашқы күйеуім Валентин Третьяков деген орыс азаматы болды. Сол Александр әкемінің жолдасының кенесімен Владивостокта жұмыс істеді. Кейін елге қайтып келді. Бір фирмада еңбек етеді. Кейін кенін ізестірумен шұғылданады. Ол геология-минерология ғылымының кандидаты.

Мейіз Қанышқызына қойылған сауалдың бірі — «Караван» газетінде жарық көрген мақала төңірегінде болды. Онда «Қазақмыс» бай кенді іріктеп алып жатыр, осыны

Қаныштың туыстары дабыл қағып айтуда» деп байбалам салған екен.

— Жезқазған комбинатын «Самсунг» фирмасы басқаруға алған сәтте осындай әңгіменің естілгені рас. Маған біреулер телефон да шалды. Сірә, олар шет елдік фирма уақытша басқаруға алғаннан кейін, байлықты іріктеп-іріктеп алып, сосын тайып тұрады деп үріккен болулары керек. Бірақ жасыратын несі бар, іріктеп алу деген нәрсе әкемінің кезінде де болған. Ондаймен қатты күресіп еді.

Сірә, бір жылдан кейін болу керек. Мен Жезқазғанға бардым. Корпорацияның бірінші вице-президенті Руслан Борисович Юнмен кездестім. Жағдайды ол да түсіндірді. Қарьерде болдым. Сонда жоғарыда айтылғанның алып-қашпа әңгіме екеніне көз жеткіздім. Кеннің барлығы да алынады екен. Жұмыстың бәрі де есеппен жүргізіледі.

Реті келген сон айтайын, Руслан Борисович маған қатты ұнады. Өз ісінің білгірі. Жезқазғанда Қаныш ескерткішін тезірек тұрғызуға жанталаса атсалысып жүргенін де сонда анық сездім.

Әңгіме әке жайында өрбіді:

— Менің басты арманым — әкемінің еңбектерін жарыққа шығаруға атсалысу. Әкем қайтыс болғаннан кейін шешем бес томдық еңбегін басыпанды шығарыпты. Одан бері де біраз уақыт өтті ғой, жарық көрмеген дүниелері қаншама.

